

Павлодар облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 417/35 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 6602 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Павлодар облысы Павлодар облыстық мәслихатының 08.07.2021 № 62/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман Кодексінің 14-бабы 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 587-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеудің әдістемелік нұсқауларын бекіту туралы" № 383 бұйрығына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Павлодар облыстық мәслихатының 08.07.2021 № 62/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихатының экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"*

Б. Бексейітова

*"Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Орман шаруашылығы
және жануарлар дүниесі*

комитетінің Павлодар облыстық
 орман шаруашылығы
 және жануарлар дүниесі
 аумақтық инспекциясы" республикалық
 мемлекеттік мекемесі басшысы
 2019 жылғы "25" қыркүйек

Н. Т. Жүнісов

Павлодар облыстық
 мәслихатының 2019
 жылғы 08 қарашадағы
 № 417/35 шешімімен
 бекітілген

Павлодар облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Павлодар облыстық мәслихатының 08.07.2021 № 62/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

| № р /с | Атауы | Өлшем бірлігі | Бірлік үшін төлемақы мөлшерле-мелері (Айлық есептік көрсеткіш) |
|--------|---|---------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мемлекеттік орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді орман пайдалану | | |
| 1.1 | Шөп шабу | | |
| 1.2 | Шабындықтың жақсы жай-күйінің құны | 1 гектар | 1,799 |
| 1.3 | Шабындықтың қанағаттанарлық жай-күйінің құны | 1 гектар | 1,349 |
| 1.4 | Шабындықтың нашар жай-күйінің құны | 1 гектар | 1,049 |
| 2 | Мал жаю | | |
| 2.1 | І р і м а л (ірі кара мал, жылқы) | 1 бас | 0,839 |
| 2.2 | Ұсақ мал (қой) | 1 бас | 0,209 |
| 2.3 | Ұсақ мал (ешкі) | 1 бас | 0,734 |
| 2.4 | Ірі кара мал төлі | 1 бас | 0,42 |
| 3 | Ара ұялары мен омарталарды орналастыру | 1 ара ұясы | 1,499 |
| 4 | Екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындау | | |
| | Қарағайдың қосалқы ағаш ресурстары | | |
| 4.1 | Қабықтары | 1 тонна | 0,015 |
| 4.2 | Бұтақтары | 1 тонна | 0,03 |
| 4.3 | Томарлары | 1 тонна | 0,008 |
| 4.4 | Тамырлары | 1 тонна | 0,05 |
| 4.5 | Қылқандары | 1 тонна | 0,023 |
| 4.6 | Бүршіктері | 1 килограмм | 0,015 |
| | Қайың ағашының қосалқы ресурстары | | |

| | | | |
|------|---|------------------------|-------|
| 4.7 | Қабықтары | 1 тонна | 0,012 |
| 4.8 | Бұтақтары | 1 тонна | 0,023 |
| 4.9 | Томарлары | 1 тонна | 0,006 |
| 4.10 | Тамырлары | 1 тонна | 0,035 |
| 4.11 | Қылқандары | 1 тонна | 0,017 |
| 4.12 | Бүршіктері | 1 килограмм | 0,012 |
| | Дәрілік өсімдіктердің жемістері мен жидектерін, саңырауқұлақтар мен жидектерді жинау | | |
| 4.13 | Итмұрын | 1 килограмм | 0,103 |
| 4.14 | Шырғанақ | 1 килограмм | 0,154 |
| 4.15 | Бөрікөз | 1 килограмм | 0,154 |
| 4.16 | Саңырауқұлақ | 1 килограмм | 0,051 |
| 4.17 | Таңқурай | 1 килограмм | 0,274 |
| 4.18 | Қара бүлдірген | 1 килограмм | 0,274 |
| 4.19 | Қарақат | 1 килограмм | 0,137 |
| 4.20 | Бүлдірген | 1 килограмм | 0,137 |
| 5 | Ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарда | әрбір болған күні үшін | 0,1 |
| 6 | Орман қоры учаскелерін бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін пайдаланғаны үшін | | |
| 6.1 | бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы | 0,1 гектар | 0,068 |
| 6.2 | өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру | 0,1 гектар | 0,34 |
| 7 | Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалану | | |
| 7.1 | Ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттарында | 1 гектар | 0,75 |
| 7.2 | Рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда | 1 гектар | 2,652 |
| 8 | Шайыр мен ағаш шырындарын дайындау | | |
| 8.1 | Шайыр дайындау | 1 гектар | 2,94 |
| 8.2 | Ағаш шырынын дайындау | 1 гектар | 1,47 |
| 8.3 | Шайыр дайындау | 1 центнер | 2,0 |
| 8.4 | Ағаш шырынын дайындау | 1 центнер | 1,5 |

Ескерту: Орман кодексіне сәйкес сирек кездесетін және жойылып кетуге қауіп төніп тұрған өсімдіктерді жинау және дайындауға тиым салынады.